

**"Мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуы бойынша тауарлармен электрондық сауда кезінде тауарларды жөнелтуді, тасымалдауды, жеткізуді жүзеге асыратын тұлғалардың мәліметтерді беру қағидаларын, мерзімдері мен нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 221 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 1387 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 26 желтоқсанда № 19775 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 632 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 28.10.2025 № 632 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуы бойынша тауарлармен электрондық сауда кезінде тауарларды жөнелтуді, тасымалдауды, жеткізуді жүзеге асыратын тұлғалардың мәліметтерді беру қағидаларын, мерзімдері мен нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 221 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16491 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 13 наурызда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуы бойынша тауарлармен электрондық сауда кезінде тауарларды жөнелтуді, тасымалдауды, жеткізуді жүзеге асыратын тұлғалардың мәліметтерді беру қағидаларында, мерзімдері мен нысанында:

2-қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакциясында жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;



Барлығы, жалпы сомасы : \_\_\_\_\_ теңге.

2. Тауарлардың электрондық саудасын жүзеге асыратын салық төлеушіден жеткізілген тауарлар бойынша мәлімет:

№	Шарт, №	Шарт, күні	Сатып алушының ЖСН	Сатып алушының Т.А.Ә. (ол болған кезде) (жеке тұлға)	Жеткізу күні	Саны
---	---------	------------	--------------------	--	--------------	------

3. Орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін төлемдер туралы мәлімет:

№	Төлем құжатының түрі	Төлем құжаты, күні	Төлем құжаты, нөмірі	Сомасы	Ескертпе
---	----------------------	--------------------	----------------------	--------	----------

Барлығы, сомасы:

4. Қосымша ақпарат (өзара талаптарды өтеу, тауар алмасу және өзге де қолма-қол ақшасыз операциялар, бартер, өтеусіз беру)

№	Операциялардың атауы	Мазмұны	Құжат, №	Құжат, күні	Операцияның сомасы	Бухгалтерлік есепте көрсетілді (Ия/Жоқ)	Салық есептілігін де көрсетілді (Ия/Жоқ)	ҚҚС бойынша декларация да көрсетілді (кезең)
---	----------------------	---------	----------	-------------	--------------------	---	--	--

5. Алушы мен жеткізушінің арасындағы берешек (кредиторлық және дебиторлық)::

Салық кезеңінің басында: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ (теңге) тең

Салық кезеңінің соңында: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ (теңге) тең.

6. \_\_\_\_\_ сұрау салу бойынша ұсынуға қажетті құжаттардың көшірмелері

Мемлекеттік кірістер органдарының заңды талаптарын орындамаған жағдайда Сізге "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік жаза шаралары қолданылатын болады. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 187-бабына сәйкес салық төлеуші немесе оның уәкілетті өкілі мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сотқа шағым жасауына құқылы.

Заңды тұлғаның, дара кәсіпкердің басшысы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (ол болған кезде) қолы)

Ескертпе:

Сұрау салудың 1, 2, 3, 4, 5-тармақтары бойынша мәліметтерді осындай қаржы-шаруашылық операциялар болған жағдайда салық төлеуші (салық агенті) толтырады.

Аббревиатураларды ашып жазу:

ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК